


ОРИЕНТАЛИЗМ

«Басқа/өзге» концепті және
«басқаны» қайта таныту.
Репрезентация





Мақсаты: «Басқа» концептіндегі араб елдерінің (Мысыр) орнын анықтау.

Бұған дейін Ориентализмнің бүкіл мәні Батыс және Шығыс халықтарының мәдениеттерінде, олардың арақатынасында жатқандығы айтылды. Ол мәдениеттер нақты өмірде бір-бірімен бетпе-бет келіп қана қоймай, сонымен бірге өзара әрекеттесіп отыратыны белгілі.

Байланыс орнату, қарым-қатынас жасау – бұл адамның «тіршілік иесі» ретіндегі негізгі өмірлік қажеттіліктерінің бірі, алайда ол қажеттілікті басқаларды/өзгелерді өзіне тең серіктес ретінде санамай немесе оның «басқа болу» құқығын мойындамай әділдікпен жүзеге асыру мүмкін емес. Әлеуметтану ғылымы кез келген адам баласының өмірге келгеннен бастап басқалармен қарым-қатынас жасау арқылы өсіп жетілетінін, дамидынын түсіндіреді.

Сол сияқты адамдар немесе топтардың арасында орнайтын байланыстар олардың өзара әрекеттесуіне жол ашады, ол егер екі жақтың да қажеттілігін ақтайтын болса, ондай байланыс немесе өзара ықпалдасу тұрақты сипатқа ие болады. Бір сөзбен айтқанда қоғамның дамуының алғышарттарының бірі – әрекеттесу. Екі жақтың да мақсат-мүддесіне бірдей қызмет етпеген байланыс міндетті түрде қайшылыққа алып келеді.

Саид ориентализмді дәйектегенде ең жиі кездесетін ұғымдардың бірі «басқа» [other] ұғымы. Бұл философияның феноменология саласында қалыптасқан қағидалардың бірі. Оны неміс философы, идеалисі, феноменологияның негізін қалаушы Эдмунд Гуссерль (нем. Edmund Husserl, 1859–1938) талдаған. «Басқа» (өзге, жат, бөтен) ұғымы үнемі «біз – олар» дихотомиясында қолданылады және біз қарастырып отырған тақырыпқа тікелей қатысы бар ұғым, себебі ориентализмді түсіну және зерттеу дегеніміз – бұл ең алдымен бірінші кезекте мәдениеттердің өзара әрекеттесуін зерттеу болып табылады.

«Басқа» концепті

«Басқа» («өзге», «жат», «бөтен») [ағыл. other] концепті – негізгі философиялық және әлеуметтік-мәдени категориялардың бірі. Саид «Басқа» концептін «Мен» концептіне қарсы қойып түсіндіреді. «Басқа» дегеніміз – ол кез келген «мен емес», яғни «өзге» адам болуы мүмкін. «Басқа» концептінің мәні «мен» немесе «біз» концепті арқылы ашылады. Ол менен өзге, бөлек, мендей емес, тіпті маған қарсы тұрады, бірақ ол да мен сияқты адамзат тегіне жатады және оның өмірлік әрекеттері сыртқы көріністері жағынан менің әрекеттеріме ұқсас, (мысалы, сөйлейді, жүреді, ойланады, еңбектенеді) бірақ, мен ол әрекеттердің тереңіне бойлай алмаймын, себебі, ол менен басқа өлшемде өмір сүреді.

«Басқа» ұғымын ғылымда әртүрлі сала зерттеушілері әртүрлі анықтамалар арқылы түсіндірген. Бұл оның ұғымының өте кеңдігін, мағынасының тереңдігін білдіреді. «Басқа» ұғымын феноменология теориясы, психология, конфликтология салалары өзінің зерттеу нысаны ретінде қарастырады, оған лингвистикалық, гендерлік, этикалық талдау жасалады, «Басқа» ұғымы сондай-ақ империализм, колониализм және біз қарастырып отырған ориентализм тұрғысынан да сипатталады. Аталған салалардың әрқайсысы «өзге/басқа» концептін әр кезеңде өз әдістері бойынша зерттейді, біз олардың әрқайсысына жеке тоқталып жатпай, оны біз қарастырып отырған тақырып аясында түсіндіруге тырысамыз. «Басқа» [other] концептінің бүгінгі күн үшін маңызы қандай? Ол неге өзекті болып отыр? Саид мұны ориентализмде неге қозғады?

Біз өмір сүріп отырған кезеңде мұның маңыздылығы жаһандану процесінің кең қанат жаюына, соның аясындағы мәдениетаралық сұхбат мәселелеріне, ағылшын саясаттанушысы Сэмюэл Хантингтон анықтағандай «Өркениеттер қақтығысына» (1996), дәл қазіргі бүкіләлемдік деңгейде ушығып жатқан діни және ұлтаралық қақтығыстарға, босқындар мәселесіне және т.б. көптеген күрделі проблемалардың жиілеп кетуіне тікелей қатысты. Шешімі қиындап кеткен проблемалардың басым көпшілігі түрлі тараптардың өзара сұхбат жүргізіп, бірін-бірі түсінбегеннен, яғни «Мен» мен «Басқаның» арасындағы келіспеушіліктен екені белгілі.



Империализм, колониализм, ориентализм және «Басқа» концепті

Қазіргі әлемдік постколониалдық жүйе европалық империализм мен колониализм жүйесінен туындап, әлі күнге дейін оның тарихи белгілерін сақтап отыр. Империалистік жүйе бір қоғамның өзге қоғамды немесе бір мемлекеттің өзге мемлекетті басып алу, қанау тәсілдері арқылы оған үстемдік етуімен, оны билеп-төстеуімен сипатталады. Бұл жүйеде екіжақты ынтымақтастық, саяси тепе-теңдік, мәдениетаралық сұхбаттасу, толеранттылық қағидаттары түбегейлі жойылады. Әдетте алып мемлекет пен әлсіз мемлекет арасында бір-біріне тең келмейтін экономикалық, мәдени және территориялық қатынастар орнап, қарым-қатынас үстемдік ету мен бағыну түрінде жүреді. «Мен/біз» бен «өзгенің» арасындағы айырмашылықтар мен бөлінушіліктер барлық салада күшейеді.

Алайда империяның «ақ-емес» елдерді (nonwhite world) жаулап алуы зияткерлік тұрғыдан ақталуы тиіс болды. Бұл үшін жаңа тұжырымдама жасалып, ол әлем халықтарын жасанды, бір-біріне қарсы қойылған екі категорияға: Шығыс және Батыс әлеміне бөлді. Бұл дихотомия «шығыс адамын» Басқа, европалық Мен емес деп біржола бөліп тастады.

Колониалды жүйеге қолдау көрсету үшін Эдвард Саидтің пікірінше Шығысқа арналған зерттеулер де жүргізілді және ол зерттеулер жинақтала келіп, ортақ бір атауға ие болды, ол – ориентализм. Бұған дейін де айтылғандай, Саидтің анықтамасы бойынша ориентализм колониалды жүйені ақтау үшін туған идея.

Саид колониалды идеология үш түрлі жол немесе әрекетпен қалыптасады деп түсіндіреді: 1) гумогенизация, мағынасы – бір тектілеу, бір қалыпқа салу; бұл әрекеттің кезінде барлық шығыс тұрғындары жеке ерекшеліктері жойылып, бір топқа, бірдей қалыпқа салынады – өзіндік бет-бейнесінен айырылып, жалпы массаға/тобырға айналады; яғни барлық шығыс халықтары бірдей; 2) феминизация; Батыс пен Шығыстың бинарлы қатынастарында шығыс адамы әрдайым әлсіз; шығыс адамы қай жағынан болмасын батыс адамының қасында төмен тұрады, себебі, Батыста барлық адам білімді, белсенді, табысты т.б.; 3) эссенциализация өміршеңдік; халық пен оның барлық белгілері ешқашан өзгермейтін, әмбебап және туа біткен сипаттармен анықталады, яғни шығыс адамының іс-әрекеті, әдеті, тұрмысы, тіпті сезімі де алдын ала белгіленіп қойған, ол өмірге келген күннен бастап сол қағидалар бойынша өмір сүреді. Шығыс адамы жаңалыққа, өзгеріске икемсіз. Әрине, бұлардың қай-қайсысы да жеке адамға да, тұтастай халыққа қатысты алғанда да оған тән емес сипаттарды жасанды түрде таңу болып саналады. Себебі бұл жерде жалпы құндылықтар кез келген – адамгершілік, заңнамалық, этикалық тұрғыдан бұзылып тұр.

Басқа/өзге/жат ұғымының бүгінгі қоғам үшін маңыздылығы оның антропология және этнография сияқты ғылымдардың негізгі қағидаларының бірі болып саналуынан көрінеді. Басқа/өзге концепті осы аталған екі ғылымның (антропология және этнография) мазмұнындағы этноцентризм концептінің мәнін ашуда жиі қолданылады. Этноцентризм қағидасы бойынша біздің өз іс-әрекетімізден ерекшеленетін басқа барлық мәдениеттің белгілері мен формалары түбегейлі жоққа шығарылады. Француз антропологиясы Клод Леви-Стросстың пайымдауына этноцентризм бұл біздің санамызға терең сіңіп кеткен бинарлы оппозиция/қосарлы қарама-қарсылық, ол Басқа/өзге өзінің ерекшелігімен, өзгешелігімен біздің өмір сүруімізге қауіп төндіргенде ұжымымыздың санасында ерекше бас көтеретін қарсылық.

Колониализм тәжірибесінде жергілікті халық, отар ел тұрғындары Басқа/өзге болып саналады, ол ең төменгі сатыда тұрады және оның сол орны оның өзі үшін қалыпты, түсінікті жағдай, яғни отарлаушы ел адамының отар ел адамынан жоғары тұруы табиғи жайт болып саналмақ. Мұнымен қоса отар елдің халқын өзіне бағындыра отырып, әрі табиғи ресурстар мен адам ресурсын өз пайдасына жарата отырып, отарлаушы «жабайыларды» өркениетпен таныстырады. Сол арқылы ол үшін пайдалы, қайырымды іс жасаған болады. Колониализм дәуірінде өзгені (dehumanization) адами кейіптен айыру белсенді түрде жүреді, өкінішке орай бұл үдеріс бинарлы қатынастардың барлығында бүгінгі күні де жүріп жатыр. Ол бүгінгі қоғамның ең күрделі проблемаларының бірі, себебі, ол таптық, ұлттық, гендерлік, нәсілдік немесе діни салаларды қамтиды.

«Басқа» ұғымына қатысты ғылымның әр саласында жүргізілген зерттеулер, оны талдау әдістері «Мен» және «Басқа» концептілерінің арасындағы байланыс пен олардың өзара



әрекеттестігі жайлы негізгі қағидаларға сүйенеді. Әртүрлі тұжырымдамалар (концепциялар) бастапқы мағына ретінде сол байланыс пен әрекеттестікті әртүрлі қырынан қарастырады. Ол жағымды немесе жағымсыз болуы мүмкін, этникалық топ, гендер, этика, колониализм, гегемония және т.б. нысандар арқылы талдануы мүмкін. Қарастырылып отырған тақырып пен оның пәніне қарай сай зерттеу әдістерін, дәйектеу тәсілдерін әр ғылым саласы өзі таңдап алады.

Эдвард Саидтің тұжырымы бойынша империализм, колониализм, ориентализм салаларында «Басқаны» дәлелдеу мен дәйектеу әдістері алдын ала өзінен-өзі анықталып қойылған. Шығыстануда «мен/біз» – «басқа» әрекеттестігі Батыстың Шығысқа қатысты үстемдігін мысалға ала отырып талданады. Тепе-теңдік, сәйкестік қағидаларының әуелден бұзылуына байланысты бұл жерде өзара түсіністік, екіжақты келісім туралы сөз мүлде қозғалмайды. Шығыс, яғни шығыс адамы бұл жерде өз атынан сөйлей алмайды, оның сөйлеу, әрекет ету, көңіл күйін білдіру құқы толығымен бұзылған, яғни «Басқа» концепті ориентализмде қарастырылғанда өзара әрекеттестік ұғымы өз мәнінде толық қолданылмайды, себебі ориентализмде қозғалыс тек бір бағытта жүзеге асады, ол Батыстың Шығысқа үстемдігі деп аталатын қозғалыс, қарсы қимыл атаулыға мүлде жол бермейді. Мұның қарапайым ғана бір мысалы – «ориентализм» атауын қолданғанда оның түбірі «ориент/шығыс» болуына қарамастан оның мағынасы Батыспен байланысты түсіндірілетіндігі, яғни ориентализм ол Шығыс жайлы Шығыстың өзінің емес, Батыстың пікірі мен ұстанымы. Ориентализм Батыстың Шығысқа үстемдігі арқылы талданады, бұл екі жақтың әрекеттестігі емес, бір бағыттағы әрекет, бір бағыттағы қозғалыс.

Басқа тақырыптар сияқты бұл мәселе де шығыстанудың зерттеу әдістерінің пәнаралық сипатын ескере отырып, нақтылай түсуді қажет етеді. Ол ең алдымен бұл жердегі «Шығыс» ұғымының өзі жалпы алғанда өте кең, терең мағынаны қамтуына байланысты.

Батыс пен Шығыс арасындағы қарым-қатынастың орнауына, оның жүзеге асу жолдарына Шығыстың өз көзқарасы қандай болды? Шығыс Батыс үшін «Басқа». Бұл белгілі. Ал Батыс Шығыс үшін «Басқа» ма, жоқ па? Шығыс Батысты «қалай қабылдады немесе оған қалай қарсы болды?» деген сұрақ туады, яғни мәселенің екінші жағына қатысты сұрақ. Оның жауабы Шығыстың географиялық шектері ғана емес, интеллектуалдық масштабына да қатысты. Батыс пен Шығыс арақатынасында Саид қарастырған Таяу Шығысты мысалға ала отырып, жауап іздесек:

XIX ғасырдағы Европаның, оның саясатының, ғылымының, мәдениетінің Таяу Шығысқа, қазіргі араб әлемінің қалыптасуына әсері айтарлықтай үлкен болды. Ол әсер қоғамдық өмірдің барлық дерлік салаларын тұтастай қамтыды. Осыған байланысты араб қоғамының дамуында екі түрлі проблема туындады:

- ескі мен жаңаның қақтығысы;
- жаңаша даму жолдарын іздеу.

Қоғамның аға буын өкілдері мен белсенді жас ағартушылар, патриоттар арасында айтыс туындап, ол елдің ішіндегі әртүрлі мәселелерді қамтыды және әртүрлі кезеңдерде үлкенді, кішілі толқулар тудырып отырды. Қоғамның болашақ дамуы төңірегіндегі осы айтыстар нәтижесінде үш бағыт пайда болды:

Бірінші топ жаңалық атаулының бәріне қарсы шығып, өткенді қайтаруды, көнені жаңғыртуды қолдады; олар «дәстүршілдер» деп аталады;

Олардың ұстанымы «Европа басқыншы, олардың көздегені біздің жеріміз, байлығымыз. Олар бізді ұлт ретінде жойып жібереді» дегенді білдірді.

Екінші топ батыс мәдениетінің дәстүрлеріне көзсіз еліктеп, көне, дәстүрлі атаулының барлығына қарсы шықты; «жаңашылдар» деп аталды;

Олар біз Европадан артта қалып қойдық. Біздің дәстүріміз, салтымыз түгелімен ескірді. Біз де Батыстағыдай өмір сүруіміз керек, ол үшін көненің барлығын жойайық деп ұрандады.

Үшінші топ жаңа дәуір ғылымы мен қазіргі заманғы рухани мәдениеттің қол жеткізген жетістіктерін пайдалана отырып, тарихы бай араб халқының ұлттық дәстүрлерін жалғастыра дамытуды жақтады («ағартушылар» тобы).

Араб әлемінде аталған үш бағыттың үшеуі де қазіргі күнде де сақталуда. Соңғы көзқарасты жақтаушылар қатары бүгінде күннен-күнге көбеюде, ол өзінен-өзі түсінікті. Ал жалпы алғанда



бұл ерекшелік Шығыс елдерінің басым көпшілігіне тиісті деп санауға болады. Себебі ол жалпыға ортақ құндылықтармен байланысты, органикалық синтезді белгілейді.

XIX ғасырда Мысырда қоғамдық-саяси өмірдің ыңғайына қарай ағартушылық сипаттағы шығармалар көптеп жазылды. Кез келген әдебиет пен баспасөз сол қоғамның көркемөнердегі айнасы, хабаршысы саналатындықтан, бұл кезеңдегі мәдени өмірдің даму үрдісіне елдегі саяси оқиғалардың барысы үлкен әсер етті. Мысыр қоғамы түріктердің саяси үстемдігінен арыла бастаса, ал халық рухани, ұлттық тәуелсіздікті сезіне бастады. Бұл құбылыс Мысырдан басқа қазіргі араб елдерінің әрқайсысында әртүрлі кезеңдерде әртүрлі сипатта, мазмұнда және формада өтті.

Ұлттық тәуелсіздікке қол жеткізген әр ұлт алдымен өзінің тарихын, рухани, мәдени мұрасын қалпына келтіруге, басқаларға таныту үшін зерделеуге кіріседі. Қай халық болмасын ең алдымен өзінің тарихи болмысын келер ұрпаққа таныту, мұра етіп қалдыру мақсатында ғылыми-зерттеу жұмыстарымен бірге көркем өнер туындыларын, соның ішінде әдеби шығармаларды жарыққа әкеледі. Бұл қозғалыс Мысырда «тамсиру-л-миср» («Мысыр мысырландыру») деген атпен дамыды.

XIX ғасырдағы Мысыр әдебиеті сексенінші жылдарға дейін негізінен ағартушылық қозғалыспен тығыз байланысты болғандықтан, халыққа айтарлықтай көркем туындылар берген жоқ, жекелеген авторлардың шығармалары қазірдің өзінде ұмытылып қалды және олар бүгінгі күн тұрғысынан алғанда тек сол кезеңнің тарихи дерегі болып қана саналады. Себебі олар сол кезең проблемаларын баяндаумен шектелді және бұл үрдіс Мысыр мен Сирия әдебиетінде (ол кезде Сирия қазіргі Ливан, Палестина, Йордания территорияларын да қамтыған) XIX ғасырдың соңына дерлік, 80–90 жылдарға дейін жалғасын тапты.

Ғылым мен мәдени саладағы даму туралы сөз еткенде Мысыр қоғамында ғылымды дамытуға ерекше көңіл бөлінгенін, ал Сирия тіл мен әдебиет саласында өнімді еңбек еткеніне назар аудару қажет.

Сирияда да, Мысырда да қоғамдық-саяси оқиғалар, 1860 жылғы Дамаск оқиғалары мен 1869 жылы Суэц каналының ашылуы, 1882 жылғы Араби-паша төңкерісі, Мысырдағы ағылшындардың басып алуы, алғашқы буржуазиялық саяси партиялардың пайда болуы Мысыр мәдениетінің ары қарай даму бағытына нақты өзгерістер әкелді. Сириялық ағартушылар Мысырға жаппай эмиграция жасап, XIX ғасырдың соңғы он жылдығында Мысыр баспасөзі толығымен сириялықтардың қолына көшті. **Мұхаммад Абдо (1849–1905), Джирджи Зейдан (1861–1914)** сияқты публицист-ағартушылар ұлт-азаттық, антифеодалдық идеяларды дамытты.

Публицистер де, тарихи тақырып өкілдері де Батысты емес, ең алдымен араб халқының ғасырлар бойғы оқу-білім мен мәдени саладағы кейін қалушылығын қатты сынады, халықтың рухани оянуына, дамуына еңбек сіңірді. Сыртқы және елдің өз ішіндегі күштердің соққысына көп ұшыраған олардың бар мақсаты мен арманы араб халқын өркендету болды.

Араб әдебиетінің жаңа дәуірі XIX ғасырдан басталса, оның отаны араб Шығысында сол кезеңде саяси, экономикалық және мәдени салаларда басқалармен салыстырғанда неғұрлым дамыған елдер деп саналған Мысыр пен Сирия республикалары болды. Мысыр пен Сирияда аталған дәуірде тек осы екі елдің өзі ғана емес, кейіннен бүкіл басқа араб елдері әдебиеті мен мәдениетінің, ғылымы мен өнерінің дамуына шешуші ықпал еткен «ан-Наһда» («жаңғыру», «қайта өрлеу») қозғалысы жүрді. «Ан-Наһда» қозғалысы араб ұлтының тарихында өзінің даму бағыты мен жолын нақтылаумен, ұлттық мәдениетті жандандырып, жоғарылату идеясымен сипатталады. Феодалдық қоғамдағы қарым-қатынастардың әлсіреуі Мысыр пен Сирияда антифеодалдық қозғалыстарды одан әрі жандандырып, азат ету, ұлттық мемлекет құру идеяларын күшейтті.

Мәдени-ағарту қозғалысы Мысырда ағылшындардың ұлттық капиталға үстемдік жүргізуіне қарсылық көрсетуден басталып, әдебиет пен оқу-ағарту ісін жолға қойып, заман талабына жауап бере алатын ұлттық зиялы қауымды қалыптастыруды көздеді.

Сирияда жаңа көтеріле бастаған буржуазия идеологтары елге ене бастаған Европа капиталына бірден қарсы тұра қойған жоқ, алғашқыда елді «европаландыруды» жақтаған ыңғай көрсетті, мұндағы ағартушылық күрес түпкілікті қарағанда елді аяусыз қанап отырған түрік феодалдарына қарсы күрес түрінде жүрді. Сириялық ағартушылар діни фанатизмге, Сирияның



феодалдардың тарапынан езгіге ұшырап, өз ішінде ыдырауына, әйелдер құқығының аяққа тапталуына қарсы бас көтерді. Ағартушылар араб тілі мен әдебиетінің әртүрлі мәселелерімен айналыса жүріп, феодалдық езгі мен артта қалушылықтан құтылудың бірден-бір жолы деп елде европалық үлгідегі оқу-ағарту ісін кең таратуды санады.

XIX ғасырда араб халқының тарихында орта ғасырлар мен одан кейінгі дәуірді бүгінгі, жаңа заманмен байланыстыруда үлкен міндет жүгін арқалаған тарихи кезең ретінде ерекше мән мен мазмұнға ие болды.

Өзге/басқа/жат концептіне қазақ халқының мәдени, әлеуметтік өмірінде де арнайы мән беріледі. Халқымызда кең тараған «Өзге елде сұлтан болғанша, өз еліңде ұлтан бол», «Жат жердің топырағы», «Жат жарылқамайды, өзің өлтірмейді», «Қыз жат жұрттық», «Өзім деген өзекке теппейді» сияқты мақал-мәтелдер соның айғағы. Қай-қайсысы да туған елді сүю, құрметтеу, ұлттық тәрбие беру, ғұрып сақтау мақсатынан туғаны көрініп тұр.

Қазақ халқы өзге елмен қарым-қатынаста сақ болумен қатар («Өзге елде сұлтан болғанша, өз еліңде ұлтан бол»), тату болуды да үйретеді. Қазақ халқының дана ақыны Абай Құнанбайұлы да:

«Бәтен елде бар болса,
Ежеттесің, сыйласың,
Сыбырлас, сырлас көп болған.
Көптен тату қимасың» деп басқа халықпен достықты өз өлеңдерінде кең насихаттаған.

«Өзге/басқа» концептіне батыстық және шығыстық көзқарас осындай. Ал оның нақты салалар бойынша мазмұны алдыңғы тақырыптарда ашылады.

Өзін-өзі бақылау сұрақтары

1. «Басқа» [other] концептін қалай түсінесіз?
2. Ескі мен жаңаның қақтығысы дегеніміз не?
3. Батыстың Таяу Шығысқа ықпалы қай саладан басталды?

Өздік жұмыс тапсырмалары

1. Колониалды идеологияның Саид атаған үш жолын талдап түсіндіріңіз.
2. Батыстың ықпалы Мысыр мен Сирияда қалай танылғанын баяндаңыз.
3. «Қайта өрлеу» (Ан-Наһда) оқиғасына тоқталыңыз.

Ұсынылатын ресурстар

1. Said Edward W., Orientalism. London: Penguin, 2003. – 396 p.
2. Саид Э., Ориентализм. С-Петербург: Русский Мир, 2006. – 639 с.
3. Қалиева Ш.С., XIX ғасырдағы араб әдебиеті. Алматы: «Қазақ университеті», 2006.